



ҚАЗАҚ

АНДЫМЕТІ

## МЕШІТТИҚ МАҢЫ

Сонымен, қырық жылдан кейін қаланы тастап, ауылға көштім. Анаумынау емес, «Ай-Сұлтан» деген мешіттің маңына қоныс тептім. Қаланың ығы-жығы кептелісі мен ми ашытар ызы-қиқуы әбден мазамды алып бітті, аттай қырық жыл ойып алған орталықта тұрыппын. Алматының дәл кіндігі, 25 қабат «Қазақстан» қонақ үйінің түбі, сарқырап ақсан Кіші Алматы өзенінің бастауы да осы жер. Қалада да қызық қалмады. Жас болса жетінші ондықта тақады, қатар-құрбылар сиреді, зейнеттің тәтті нанын қайда отырып жесең де бәрібір емес пе? Бұрынғыдай қауқылдастып сыр бөлісер жаныңа жақындардың да қарасы көп емес, «COVID-19» қырып салды. Менің де бір үйдің баласындағы екі досым бар еді, осы мылтықсыз майданнан қайтпады. Ал енді басқаны қайдам, өзім даланың өскіні болғасын ба, топырақты аңсаймын да тұрам, майдың иісінен гөрі топырақ иісі мұрныма келсе танауым жыбырлап, бір әдемі әсерге беріліп кетем. Уш жыл таңдалап-талғап жүріп, ақыры осында жылжыдым. Бір қабат үйдің бөлмесі көп-ақ, ең керегі, айналасында қылтиып өскен жеміс-жидегі бар. Сары жапырақты сондай сүйемін, сары жапырақ қалқып ұшып жатқан қоңыр күздің бір күнінде осында кеп қоныс тептім.

Осында келgelі жанымды баурайтын бір нәрсе – үй түбіндегі бес уақ азан шақырар мешіттің әуені. Діндар болмасам да дайындалып жүрген сыңайым бар. Намазға жығылу қыын емес, аят жаттау да мен секілді санасында сәулесі бар қағып алар қағылезге оп-оңай. Тек іштей әзірлік керек, жан дүниең сол әлемге ауысып, сол өзің сенген әлеммен бірге өмір сүруің керек. Жұрт сияқты дызақтап Кіші қажылыққа асықпау керек, жан дүниең таза болса, итжеккенге барсаң да жол ашық. Жат қылыш деп саналатын анда-санда апиынға ауыз былғау мен арагідік құмар ойынға қол тигізуден де арылсам ба деймін. Жастықтың желігімен айтылар қитұрқы сөздерге де тұсау салып, тарпаң қимылдың жүгенін тартып, кіршіксіз соқпақпен жүріп-тұрған жөн сияқты.

Осы маң түгел жылан жалағандай тап-таза, дәл төбесінде қыық Ай бейнеленген мешіттің алдындағы тарам-тарам ағаш орындыққа кеп отырдым. Боздата оқылған әуен жанымды елтіп барады, азан шақыру дегенің нотаға түспеген классикалық музика дерсің. Жұма намаз болғасын ба, дыбыс күшейткіш те бабында екен, жағымды әуен шағын ауылдың төбесінде шарықтап барады.

Мешіттің алды шүпірлеген жеңіл көлік. Іркес-тіркес тұрған мәшиненің ең шетінен бір қуыс тауып, зәңкиген «Джип» жүйткіп кеп тежегішті басқанда тұмсығы темір қоршауға тиіп, солқ ете қалды. Ішінен атып шыққан қырбық сақал жас жігіт амандық-саулық жоқ мені жанай өтіп:

- Басталды ма? – деді.
- Басталып кетті.
- Кешігіп қалдым, шешенің... Тұнде Кіші қажылыққа аттануым керек

еді, – деп маңдайшасына «Дәретхана» деп жазылған құрқылтайдың ұясындағы қара сылақ бөлмеге білегін түрініп, еніп кетті. Мен болсам осы отырысыма ырзамын. Намазға жығылып, маңдайымды жайнамазға тигізбесем де, жан дүниемді желпіген бір жылы леп бар, Алла жолын мақұлдан, сол жолға емен-жарқын еніп келе жатқан кейіпім өзіме ұнайды. Ықылас сүресін күбірлеп оқып, ата-бабамның есімдерін тізбектеп атап шықтым, бұл мен үшін аз нәрсе емес. Қарашы, Алла жолына түскен адамдардың тілеуін тілеп, жүріс-тұрысына сүйсініп, мешіттің алдында мізбақпай отырмын. Кіре беріске шешіп кеткен шүпірлекен аяқ киімге қарасам, әр пенденің жерге тиген табан ізі де айқыш-ұйқыш бол көзге көрінетін сияқты. Қырық жыл қоныс тепкен 25 қабат қонақ үй түбіндегі қызыл кірпіштен өрген келісті мекенжайым да көз алдымға келді. Ол жердің тазалығын сұрама, бір жапырақ табан астында мыжылып жатпайды, бір иттің қынқұ еткен дыбысы шықпайды. Адамдары да сондай сақ, өздерін қарапайым халықтан бөліп алғып, элита деп санаған кешегі майталман шенеуніктер баласымен орысша сөйлесіп, қызығын орысша бөліседі. Қазір де жетісіп тұрғаны шамалы, «бізді солай тәрбиеледі» деп баласы әкесін айыптаиды. Бәрі сол қонақ үй түбіндегі саябаққа жиналып, аузы-мұрындарынан көк тұтін ытқытады, қастарында тұрған қалт-құлт еткен кәріге ығысып орын беруді білмейді. Ресей Украинаға соғыс ашқалы осы саябақ пен «терренкур» аталған соқпақ жолды сары шашты, көк көздер қаптап кетті. Тілдесіп, сыр тартсам, кілең ресейліктер екен, «соғыстан қашып жүрміз, мынадай мамыражай заманда соғысып өлгіміз келмейді», – дейді. Бұрын осы жерде қонақ үйден шыққан негр деген көмірдей қара адамдар қаптап жүруші еді, қазір көк көздер күннен күнге көбейіп барады. Құрысын, далада туған маған осы жаңа қонысымнан артық жер жоқ. Бір шеті далиған жүгерілік, бір шеті жап-жасыл жонышқалық алқап. Тым-тырыс дүние, қынқұ еткен артық дыбыс естілмейді. Жалғыз жолаушы автобус анда-санда жайбарақат бір дөңгелеп өтеді, жеңіл көлік дегенің ышқырдағы сірке секілді сопайып анда-санда бір көрініп қалады. Айналама көз жүгіртіп қарап едім, әудем жердегі қуыста бұтарлап жиналған бір құшақ қызыл жыңғыл үюлі жатыр, қасында үш сирағы жер тіреген аспалы ошақ, оның қасында түбі отқа күйген қара қазан төңкерулі тұр. Сәл беріде діңгек ағашқа сүйеулі адамзатты мәңгілік мекеніне алғып баар жербесік көзге сондай суық көрінді. «Бәріміз де тамызық тұтатып, қазан қайнатып, ас ішіп болғасын жербесікке келіп жантаямыз-ау» деген үрей аралас үркек ой санамда үйіріліп тұрып қалды.

Намаз аяқталды-ау деймін, жұрт жабық есікті жалп еткізіп ашып, тысқа өре шығып, үймелеген жеңіл көліктер дар етіп оталып, арлы-берлі жылжи бастады. Бір-біріне жол бермей бажылдаған төрт дөңгелек мешітті тастап құйғытып бара жатты.

Әп-сәтте тым-тырыс оңашалық орнады. Оқылған сүрені ауаға жайып сап

тұрған дыбыс күшейткіш те қыр етіп бір қақырынып ап үнсіз қалды. Ең соңынан үстіне ақ қардай аппақ шапан киіп, басына шұбатылған ақ сәлде ораған сұңғақ бойлы, ақ сары жігіт ағасы шықты да, жападан жалғыз отырған маған бұрылды.

– Ассалау мағалейкүм! – деп мұсылманша сәлем бердім.

– Ұағалейкүм мәссалам! – деді көздері қулімдеп. Жүзі жарқын, кісі жатырқамайтын ар жағы ашық азамат әрі Құдай жолына түскен иманды пенде екені көрініп тұр. «Неғып отырсыз?» деп сұраған жоқ, мен айтқан жоқпын.

– Жұма намаз бітті ме? – дедім.

– Иә, Алланың бір парызын атқардық, – маған күдіктенсе де құлімдей қарады.

– Ішке кірдіңіз бе?

– Жоқ, мен дайындалып журмін, іштей өзімді әзірлеп жүрген пендемін. Мешіттің алдына келіп отыруға болатын шығар.

– Беймарал. Алланың үйінің қақпасы қашан да ашық, қай кезде келем десеніз де дайын. Намазхан бөлме бар, ас беретін асхана бар, жарық жалғаннан мәңгілікке аттанғандардың жаназасы осы жерден шығарылады, – деп төбесі толқын-толқын шипырмен жабылған шатырға шалқая қарады. – Қараңыз, төбесі шымқай жабық, жаңбыр мен қар суынан ада, – деп сондай бір себеппен келіп отыр ма дегендей сұрау сала қарады.

– Әзірге ондай шаруам жоқ, – деген шорт кескен сөзімнен кейін аңтарыла бір қарады да:

– Сірә, жаңа қоныстанып жатқан кісіге үқсайсыз, айтып қояйын, менің моншам бар, анау... тиіп тұр. Кісі басына сағаты 1000 теңге, – деп қораның арғы бетіндегі қонжиған томпақ үйді нұсқады.

– О-о, жақын жерден жұдә жақсы болды. Таңертең ерте келем, – деп келісе кеттім.

– Көшенің арғы бетінде шаштараз бар. Зейнеткерге 1000 теңге, басқаларға 2000-нан.

– Кәулігім қашан да өзіммен бірге, – қалтама қол сала беріп едім:

– Кейін көрсетесіз ғой. Қоныс құтты болсын! Қай көшеденсіз? – деді имам ең соңынан.

– Бурабай, ЗА.

– Бурабай. Сондай да көше бар ма еді? Мынау Космонавтов, анау Титова, қазақшадан Абай ғана бар сияқты еді...

– Анау көлденең көше, – деп сымдай тартылып тұрған есік пен төрдей «дальнобойщик» мәшинені нұсқадым.

– Ә-ә, ол Калинин ғой. Біз Калинин дейміз.

– Құжат бойынша Бурабай. Нотариусқа Бурабай деп толтырдым. Бірақ көшенің аты-жөні еш жерге ілінбепті.

– Ә-ә, сол екен ғой, – деп кәнігі тұрғын таңырқағандай болды.

– Қашан көшіп келдіңіз? Қаладан келдіңіз бе?

- Иә, қаладан. Қырық шақырым жерге енді шүғыл шақыру болмаса, бара бермейміз.

- Қалада нендей жаңалық? – деп имам шүйіркелесе кетті.

- Домбыраны харам деп жатыр. Ең басты жаңалық – осы.

- Оған бас ауыртып қайтесіз. Депутаттар өздері тазартып алады да... – Аққа малынған сұңғақ жігіт күрек тісі ақсиып құлімсірәй қарағанда мені мазақтап тұрғандай көрінді. – Ертең моншаға келем дедіңіз бе, сағат нешеге деп жазайын. Менің дүға бағыштайтын жерім бар еді, – деп қалта телефонын шығарды.

- Сағат 10-ға.

- Таңғы ма, кешкі ме?

- Таңғы 10.

- Біз түні бойына істейміз. Жалғызысыз ба?

- Жалғызыбын. Моншаға қатын ертпеймін.

Ол майда әріптерді шұқылап, «Есімің, телефоныңыз?» деп тізіп жаза бастады.

- Тура бол.

- Енді сізге лақтырайын. Келетін кезде осы нөмірге звандайсыз, – деп «жұмысым бітті» дегендей бұрылып кетті.

Ол жөнеп кетті, мен отырған орнынан тапжылған жоқпын. «Осы имамдар неге асығып жүреді? Қайсыбір аста болмасын асабаға сөз салып сұранып, тағы бір жерге баратынын айтып, от ала келеді. Әнеукүні қаладағы бір Құран бағыштауда жап-жас имам: «Ағалар, мен асығыс едім, тағы бір асқа баруым керек еді, аз-кем лұғат айтып кетейін», – деді де, бастай жөнелді. Жеке бастың тазалығы мен бес уақыт намаз ережесі, адами болмыстың өзгеруі қақында айтып кеп қылқөпірден өткенде күнәсі барлардың қалай шыңғырып, қалай жалбарынатынын суреттей бергенде, міністір деңгейінде қызмет атқарған кісі өңі бозарып: «Қарағым, баратын жеріңе тезірек баршы», – деп бүрк ете қалды. «Жұмақ пен тозақтың жолы осылай», – деп имам орнынан көтеріле бергенде: «Көрерміз», – деп әлгі кісі сөйлеп қалды. Мешіттің темір шарбағынан шығып кетейін десем, бір құдіретті күш жібермей ұстап тұр. Имамның шапан етегі делеңдеп, арқасы томпиып кетіп барады, әне, үш аттам жердегі күре жолға тұсті.

Мен оқыған адаммын. Анау-мынау емес, Мәскеу Ауыл шаруашылығы Академиясын бітірсем де, «шоу» жасауға шорқақпын. Мәскеуде әдеби орталықтарға барып, небір шоқша сақалды бадырақ көз жөйттердің лекциясын тыңдалап, құлақ құрышымды қандырғанмын.

Нарық заманы келгелі қанша тырыссам да, «шоу» жасай алмай қиналыш жүрмін. Дәннің мандаудын сипап, топыраққа жайлыштып жамбасын тигізсем, соған тәуба деймін. «Шоу» жасап, тергеу қапасында саржамбас бол жатқан талайды білем, солардың біреуі кезінде: «Сенде бәрі бар, тек «шоу» жоқ» деп іліп өткені де мешіт маңында құлағыма дыз ете қалды.

Менің Чехов деген жазушым бар, соның «Ойпанда» деген әңгімесінде

тыңшы Цыбукин шешесіне: «Құдай бар ма, жоқ па, мен қайдан білейін. Бізді емшек сорған кезімізден бастап, кім-кімге тәуелді екенін үйретті ғой. Экем Құдайға сенбейтін, старшина да, писарь да, дъячок та сенбейді. Бірақ бәрі шіркеуге барады, бастарына күн түскен кезде жұрт өздері туралы жаман сөз айтпаса екен дейді. Шынында да әйтеуір бір сүмдық сот болары анық, ағаш ұстасы Костылдің сөзімен айтсақ, біз бұл өмірдің алдамшыларымыз, олар болса ана жақты алдайды» деп қосып қояды. Имамның алшаң басқан қадамына тәнтімін, манағы темір шарбақты сындырып кете жаздаған асығыс-ұсігіс жігіттің қимылына да қайранмын, бәрін бір ауыз боқтық сөзбен орнына қойып, өзі Кіші қажылышқа аттанып бара жатыр.

Имам көз ұшында қалды. Мен үйіме қарай аяңдадым. «Ертең моншаға түсуге дайындалайын. Бұл да бір жақын жерден сәтін салған іс болды» деп өз-өзімнен қуанып, құжатта Бурабай, өмірде Калинин атанған көшеге қарай бет алдым.

\*\*\*

Бұл өзі бұрын шошқа баққан ауыл екен. Бұның бәрін кешке таман көшеге шыққанда 200 теңге қарыз сұраған маскүнем айтып берді. Кешқұрым таза ауа жұтпаққа көшеге табан тигізіп едім, балалар ойнайтын алаңқайда турниктің белтеміріне сүйеніп, иіліп-бүгіліп біреу тұрды. Устіне ілген киімі тап-таза, мойнындағы қылдай галстугі зиялышың кейпін бергенмен тұлабойынан мұңкіген иіс әудем жерден мұрныңды қытықтайды. Бұл – арзан шараптың иісі. Эдейі қасына жақыннададым. Жаңа ауылдың итіне дейін таңсық, бейтаныспен тіл жалдап сөйлескім келді. Бөтен сұлба екенімді білгендей бақшия бір қарады да:

- Қосыласың ба? – деді
- Қойғанбыз.
- Онда қарызға 200 теңге бер. Сәл-пәл жетпей тұр. Пенсиядан қайтарам. Қалтамнан сұрылып, 200 теңге қағаз ақша ұсындым, ол азық-түлікке қарай асықса да, маған алғыс орнына қамқорси тіл қатты.
- Біреу бірдеңе десе маған айт. Бұл жерде мен первый...
- Әзірге жалоба жоқ.
- Бұл бұрын шошқа баққан ауыл. Дәл осы жерде орыспен быт-шыт төбелес болатын. Қазақ төбелеске келгенде мықты ғой...
- Осалдығы қай жерде?

Ол аларып бір қарады, қызмет істеп, қол сілтеп, нұсқау берген адамға ұқсайды, көйлегінің жағасы тап-таза, мойнына ілген қылдай галстугі де иіліп-бүгіліп тіл қатқан сайын селтең-селтең етіп дірілдеп тұр.

- Қызметте, бір-бірін көтеруге келгенде... ой, адам емес қой...
- Доңыз қайда кетті? – деп «торсылдағым, торайымның» тағдырын сұрадым.
- Кетті ғой қорсылдап... Колхоз тарады, шошқа баққандар да бет-бетімен қашты. Анау, – деп ұзыннан ұзақ созылған есік пен төрдей

«далынбайщик» мәшинені көрсетті, – сол ғана қалды. Местный. Оны да кез келген уақытта жұз метрге жүгіртіп жіберем.

– I-i-i...

– Азық-тұлік сұып қалатын болды. Пока! Ертеңге дейін, – деді артына бір қарап.

«Ертеңгі сыбағасын да менен дәметіп тұрған секілді ме?».

Таң атты. Сағат 10-ға 10 минөт қалғанда моншаға келдім. Нөл-нөл онда бұға кіремін.

Мұржасынан тұтін будақтаған топ-томпақ үйшіктің алдында дөңгелек керсenge кір-қонын салып ап тоқтасып қалған қол-аяғы ұзын бір келіншек отыр.

– Мен сағат 10-ға жазылып қойғам, – деп жөн сұраспай-ақ саңқылдан қоя берді.

– Мен 10-ға кеше жазылғам.

– Мен онға бүгін таң атпай жазылғам. Нанбасаң қатынынан сұра.

– Кеше мен бүгіннің айырмасы бар емес пе?

– Жоқ, – деп жүні қобыраған тозыңқы жемпірінің қалтасынан титімдей телефонын жұлқи шығарды да, тізілген санды сұқ саусағымен аямай басып, айқай салды.

– Эй, қатын, бүгін байымның қасынан тұра салысымен саған звандадым ғой. Мына біреу кеп тұр...

Ар жақтағы дауыс маған естілмеді.

– Шақыршы имамыңды, иманын үйірейін, – дегенде ақ шапаны делеңдеп, қатар тұрған томпақ үйден имекен шыға келді де, сол құлімсіреген күйі:

– Ағай, мына кісі әйеліме жазылып қойған екен, бір сәт жуынып-шәйініп шықсын. Күте тұрсаңызшы, – деді еш именбей.

Сол сәт әйел моншаның түйенің жүнімен қапталған есігін серпи ашып, ішке еніп бара жатты.

– Күте алмаймын. Мен қатыннан кейін жуынбаймын, – деп бұрылып кеттім.

Моншадан жолым болмады. Мейлі, жан дүнием таза болса, тәнді тазартуға су табылады. Монша дегенің менен қалған, Алматының «Арасаны» мен Мәскеудің «Паровоз»-ының тұтінін будақтатып, қара терге малшынып, шылқып отырғанмын. Кір сабыным мен жөкемді арқалап, өзіме-өзім тоқтау салып, ойын алаңқайының тұсынан өте бергенде «осы жерді ұстап тұрған қожайын» дірілдеп, маған қарсы келе жатты. Қасыма тақады да, қол алыспастан:

– Қарызға 200, – деді.

– Тегін берем, – деп тыын 100 теңгеліктің екеуін дөңгелетіп алақанына салдым.

Мойнында сол қылдай галстугі, оң қалтасынан қылтиып газеттің ұшы шығып тұр.

– Мынау қай газет?

– Орысша...

Ұшын тұртіп қап едім, «Комсомольская правда в Казахстане» екен. Исі бүркүрап, баспаҳанадан жаңа шыққанын білдіріп тұр.

– Мен «Комсомолканы» оқымасам тұра алмаймын. 200-дің біреуін шарапқа, біреуін газетке төлеймін, – деді де, – Қүшік кезімнен орысқа таланып қалған сорлымын ғой, – деп мені жаңа көргендей шұқшия қарады.

– Қай жерденсің?

– Оңтүстік батыс...

– Мынау албаның жері, – деді мен бір нәрсесін тартып алардай құдіктене қарап.

– Бұл – қазақтың жері.

– Жоқ, картаға солай тұскен, – деді сұқ саусағын орақша иіп.

– Топографиялық картаға ма? – деп асырып жібердім.

– Черезчур грамотный, – деді.

– Енді теңге сұраушы болма. Газетінді оқы, – деп бұрылыш кетсем де, осы бір түкпірдегі ауылда газет оқитын (оның үстіне орысша) біреудің болғанына ішім жылып келе жатыр. Эр ауылдың бір сүркүлтайы бар, кейін мен де біреуге осылай білгенімді ақыл ғып айтып тұрармын.

Үйге кіргім келмеді. Ауылдың өкпе тұсы жүгерілік алқап екен, собығы қайырылып, тұбіртегі шошайып, құлазып қалған алқапты көшіп келген күні-ақ әбден араладым. «Жүгері – жұфымды дақыл» деген сөз де құлақта, бала күнімізде жүгері жинауға шыққанда жалбыраған шашағын мұрт шығар жерге жапсырып ап, «Мен – Чапаевпын!» деп қыздарға қыр көрсететінбіз. Қыздар да қарап қалмайтын, жіп-жіңішке шашақпен шашын айналдыра орап ап, «Мен – Людмила Зыкинамын!» деп болмашы бөкселерін бұлтитып, әрлі-берлі жүретін.

Ауылдың түстік беті көк жоңышқалық дейді. Көк алқапты да көргім келеді. Күре жолмен жылдам басып келе жатсам, моншаға кірген әлгі әйел керсенін бауырына алып, терлеп-тепшіп алдыннан шыға келді.

– Босады, – деді ұялмай-қызармай.

– Қатыннан кейін тұспеймін дедім ғой...

Маған қарап миығы тартып барады...

Әне, көк алқаптың төбесі көрінді. Көз ұшында тұсаулы ат шоқырақтап, қара жерден қорегін теріп жеп жүр. Жаңа орылған жоңышқаның иісі мұрын жарады. Бала күнімізде көк майсаны шалғы орақпен бырт-бырт орып тастап, шалқамыздан тұсіп, төңкерілген көк аспанға қарап армандал жатушы едік. «Мынау бірінші орылымы, әлі екі рет орады.

Қоңыр күз біткенше үш орылым болады. Осы мен қаладан ауылға көшкелі көкірегімде бір масайрау бар, топырақ пен дәннің тағдырын білетін агрономдыққа сайған білгіштігім тағы бар. Дәл бір өз ауылымға келгендеймін. «Моншасы құрысын, құрқылтайдың үясындаған жерде терлеп-тепшіп бүрісіп отырғанша... мына топырақ пен көк өскіннің иісі танауымды қытықтап, жанымды бір белгісіз жұмаққа жетелеп әкетіп

барады. «Көк жоңышқаға аунасам ба еken? Құздің күні жер салқын, сегізкөзден ұстап қап жүрсе... бала-шаға емеспін, көрген көзден ыңғайсыз болар». Анау тұсаулы ат та жоңышқа түбіртегін жұлып жеп бері жақындаған қалыпты. «Осыған тұсау салмаса болмай ма? Жылқы жарықтық тұрағынан ұзап алысқа кетпейді. Аяғы ұзын деп сескенетін шығар, иесі тұсау сап үйренген біреу де. Мынау немене?» Кең алқаптың дәл орта тұсында құнбағысты торғайдан қорыған қорықшыдай боп ұп-ұзын діңгек ағаш серейіп тұр. Төбесіне айбақ-сайбақ жазуы бар төртбұрыш тақтайша қағылған. Жетіп барып оқысам, «Егістік алқап сатылады. Тел.» деп 8-ден басталған жыбырлаған он сан тізбектеліпті. «Е-е, бұл жерің де кеткен еken ғой. Ертең-ақ, бір жылдан кейін, мынау жайқалып көк өскін өскен жер шүпірлеген қатар тамға айналады. Оны салған біреу тағы біреуге сатады. Оу, сонда егінді кім егеді, мал мен жанды кім асырайды?». Зейнетақыға қараған қоңы жоқ қазақ өзіме-өзім сауал қойып, өзімді-өзім майрампаз Никулин боп мазақтап тұрысым – мынау. Байқаймын, қанымнан жаралғандар да өзімнің көшірмем, тік тұрып, тік жүреді, ешкіммен алыс-берісі жоқ. «Бала әкеден екі елі кем туады» дейді, мына түрлерімен қатарынан қалып, көшке ілесе алмауы бек мүмкін. Заман бұл мәтелді көтермейді, «бала әкеден оқ бойы озық тuu керек» деп өзгерту керек. Бірақ байқау керек. Әнеукүні балам кәсіпкер сыныптарының сотына қатысып, беті қүйіп келді. «Әке, аштан өлсөң де біреуден бірдене сұрама» деген сөзіңе жыным келуші еді, дұрыс айтқан екенсіз. Адам әбжал болмау керек еken, кісі ақысын жемеу керек еken» деп тәубасына тұсіп, сөз айтып тұр. Қайда жүрсек те Құдай «шоу»-дан сақтасын». Мына тақтайша сәл қисайыпты, біреу қозғаған ба, әлде мал сүйкенген бе, қолымды тигізіп едім, ілініп тұрган жазуы бар төртбұрыш тақтайша шалқасынан тұсті. «Бұны қайта көтере алмаймын. Жатса жатсын осылай. Біреу-міреу көрген жоқ па еken?» деп айналама қарадым. «Иесі көрсе, сотқа беруі мүмкін. Қазір соттасу деген өмірдің қызығына айналды ғой». Шалт бұрылып, көшени бетке алдым. Білімдармын дедім ғой, агроном болғанмен көркем әдебиетті де біраз қотардық. «Осы жерді сатпаса болмай ма? Лев Толстой о заманда «Адамға қанша жер керек?» деп жазды. Жер сұраған біреуге иесі: «Құн шыға осы жерді бір айналып шықсан, жердің бәрі сенікі болады», – дейді. Әлгі айналып жүргенде Құн батып, жетер жеріне жете алмай демігіп құлайды. Жер алам деген пақыр ертеңіне жердің астына тұседі. Данышпан шал жерді сатуға болмайды деп о заманда айтып кеткен. Бірақ шалды тыңдаған құлақ бар ма? Тыңдаса неғып жүр. Өзіміздің Әуезов те жер туралы тәптіштеп талай нәрсе жазған. Қазақша айтылған сөзді тыңдайтын да құлақ қалмады ғой».

Күре жолға түстім. Дәл осы жолда мұрынды жарап бір қаңсық иіс бар. Жоңышқа иісі бөлек, одан алыс кеттім, көк өскіннің әтір аңқыған жүпар иісі әудем жерде қалықтап қалып қойды. Қарсы беттен ұзыннан ұзақ шұбатылған екі қабат үйдің төбесі көрінді. Қаңсық иіс осы жақтан

лекілдеп соққан желмен бірге жүйіткіп кеп мен секілді жиіркеншектің танауын қытықтай бастады. Дәл қасында аялдама, жалғыз автобус осы жерден бұрылып, күре жолға қайта түседі.

– Әжей, аяғыңыз талды-ау деймін, отыратын орындық та жоқ екен.

Автобус күтіп тұрсыз ғой, – дедім шүйкедей кейуанаға қарап.

– Талса неғылад дейсің. Талай талғанды көргенбіз. Енді анау жалғыз автобус келе қалса...

– Әне, төбесі көрінді, – деп едім, әжей қуанып кетті.

– Заманның беті бері қарады ғой, өзім би, өзім қожа. Енді бізге не керек?

– Әже, осы жерде бір иіс бар, сол қайдан шығып жатыр?

Сексенді тастап, тоқсанға иек артқан кемпір жіңішке таяғын бір сермен қалды.

– Жаңа келген бала сияқтысың. Бұл жер шошқахана болған. Бауыздамай сойылған түліктің іісі жүз жылға дейін кетпейді. Қарашы, оның орнына зәңкитіп үй соқты. Әкімің де, мілітсан да, поштаң да, нәтәриусің де, бәрі осы жерде, – деп зәңкіген үйді таяғымен нұсқап көрсетті.

– Сізді автобусқа отырғызып жіберейін.

– Мен онсыз да отырам. Жолыңдан қалма, – деп айналып келіп тоқтаған томпақ автобустың табалдырығынан «Бісімілла!» деп аттаған шүйкедей кемпір ең алдыңғы орындыққа томп ете қалды. – 75-тен асқанбыз. Бізге бесплатны, – деп қосып қойды. Сосын ашық есіктен маған қарап: «Әзер шыдап тұрсың ғой, жиіркеншек екенсің, бұл иіс әтір сепкенмен кетпейді», – деді жымың етіп. Езуінен жүгіріп өткен екі сызық екі жолды көрсетіп тұрғандай болды.

Автобус орнынан қозғалды. Мен әкімдікке қарай бұрылдым. «Пошта да осында» деген сөзге ішім жылып қоя берді. «Пошта болса, газет болады.

Қайсысына жазылсам екен?» деген ой бүйірімді тұрткілей бастады.

Қонқақ мұрнымды қайта-қайта тартып қоям, өкпек жел бір уыс қаңсықпен бетімді желпіп өтті. Сол сәт мешіт жақтан «Аллоуакбар!» деп азан шақырған қоңыр дауыс жер-дүниенің бойын жібітіп, көшеде қараң-құраң еткен екі-үш жүргінші құлақтарын тосып тұра қалды.

Бесін боп қалыпты.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ